

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 230 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1101 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.11.11 № 1101 Жарлығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында және республикалық
баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына және "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес дене шынықтыру және спорт жүйесін дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

**Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты
дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2006 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері
 - 5.1. Саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру
 - 5.2. Материалдық-техникалық базаны дамыту мен нығайту
 - 5.3. Саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету
 - 5.4. Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету
 - 5.5. Дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын орнықтыру
 - 5.5.1. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру
 - 5.5.2. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы студенттер мен оқушылардың дене тәрбиесі
 - 5.5.3. Әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің дене тәрбиесі
 - 5.5.4. Тұрғындар арасындағы дене тәрбиесі
 - 5.5.5. Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт
 - 5.6. Спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау
 - 5.7. Дене шынықтыру және спортты насихаттау
6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеуге негіз

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 148-тармағы

Әзірлеуші

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Мақсаты

Халықтың денсаулығын бекемдеу және халықаралық спорт аренасында қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін дене тәрбиесі мен спорттың тиімді жүйесін құру

Міндеттері

Халықаралық талаптарға сай келетін спорт саласын құру және инфрақұрылымын дамыту; нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; білікті мамандармен қамтамасыз ету; спорт ғылымын дамыту; дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын орнықтыру; спорт резервін, халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру.

Іске асыру мерзімі

2007-2011 жылдар
I кезең: 2007-2009 жылдар
II кезең: 2010-2011 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалады. Республикалық бюджет қаражаты есебінен мынадай қаражат бөліну жоспарлануда:

2007 жылы - 8531594 мың теңге,
2008 жылы - 32294965 мың теңге,
2009 жылы - 26783613 мың теңге,

2010 жылы - 8500000 мың теңге,
2011 жылы - 9010000 мың теңге.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мынадай
қаражат бөліну жоспарлануда:

2007 жылы - 13201664 мың теңге,
2008 жылы - 14252326 мың теңге,
2009 жылы - 15162088 мың теңге,
2010 жылы - 16071813 мың теңге,
2011 жылы - 17036122 мың теңге.

Барлығы: 2007 жылы - 21733258 мың теңге,
2008 жылы - 46547291 мың теңге, 2009 жылы -
41945701 мың теңге, 2010 жылы - 24571813 мың
теңге, 2011 жылы - 26046122 мың теңге.

Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік
бюджеттен жұмсалатын жалпы шығын 160844185 мың
теңгені, соның ішінде республикалық бюджет
қаражатынан 85120172 мың теңгені, жергілікті
бюджет қаражатынан 75724013 мың теңгені
қ ұ р а й д ы .

Бұл ретте Бағдарламаны іске асыруға қажетті
бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына
арналған республикалық және жергілікті
бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай
нәтижелерге қол жеткізіледі:

бірінші кезең (2007-2009 жылдар):

сала мамандарының біліктілігін арттыру мен
қайта даярлау жүйесі жетілдірілетін болады;
дене шынықтырумен және спортпен жүйелі
шұғылданушы халықтың үлесі 16,3%-ға дейін
ө с е д і ;

халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық
топтарының дене тәрбиесінің сабақтастығы
қ а м т а м а с ы з е т і л е д і ;

балалар мен жасөспірімдер спорт
мектептерінің саны 2007 жылы 400-ге, 2008 жылы
410-ға, 2009 жылы 420-ға көбейіп, оларда
шұғылданушыларды қамту 6 жастан 18 жасқа
дейінгі балалар мен жасөспірімдердің жалпы

санының 8,5%-на дейін жетеді;
спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар құрылады және олардың саны 2007 жылы - 15-ке, 2008 жылы - 16-ға, 2009 жылы - 17 - ге жетеді;

екінші кезең (2010-2011 жылдар):

жаттықтырушы-оқытушылар құрамының біліктілігі артады;
дене шынықтырудың және жоғары жетістіктер спортының ғылыми базасы құрылады;
дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданушылардың саны 17 %-ға дейін өседі;
балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 2010 жылы 425-ке, 2011 жылы 430-ға көбейіп, оларда шұғылданушыларды қамту 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің жалпы санының 10%-ын құрайды;
спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың саны көбейеді, ол 2010 жылы 19-ға, 2011 жылы 20-ға жетеді;
республиканың ұлттық құрама командаларына мүшелікке үміткерлердің дайындық деңгейі және халықаралық дәрежедегі спортшылардың саны артады;
әлем, Азия чемпионаттарын, әлем, Азия кубоктарын, Азия және Олимпиада ойындарын қоса алғанда, спортшылардың ірі халықаралық жарыстарға дайындығы мен қатысуы қамтамасыз етіледі;
саланың нормативтік құқықтық базасы жетілдіріледі.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 148-тармағына сәйкес әзірленді.

Дене шынықтыру және спортты дамыту үшін бұған дейін Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 462 қаулысымен бекітілген оны іске асырудың іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылды.

Бағдарламаны әзірлеу дене шынықтыру және спорт саласында орын алған ұйымдық және құқықтық қатынастарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу халықтың қалың жіктерін, әсіресе жастарды дене шынықтырумен және спортпен саналы түрде шұғылдануға тарту, ел халқының дене жаттығуларымен шұғылдануы үшін жағдай жасау, спорт резервін сапалы дайындау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу, Қазақстан спортының халықаралық аренадағы беделін одан әрі арттырудың қажеттілігінен туындайды.

Бағдарлама дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, оны іске асырудың міндеттері мен тетіктерін айқындайды және халықтың дене тәрбиесінің негізгі қырларын қамтиды, сондай-ақ спорт резервін даярлау мен халықаралық дәрежедегі спортшылар тәрбиелеудің мәселелерін шешеді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) іске асырудың нәтижесінде Қазақстанда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының орнықты өсу үрдісі байқалады. Егер Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың басында 2001 жылы спортпен шұғылданушылар саны 1436,3 мың адам болса, 2002 жылы 1546,3 мың адамға көбейді, 2003 жылы 1752,1 мың адамға, 2004 жылы 1885,9 мың адамға өсті және Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың соңында 2 млн. адамды немесе ел халқының 13,7% - ын құрады.

Штаттағы 30 мыңға жуық дене тәрбиесі қызметкерлері дене шынықтыру және спорт сабақтарын ұйымдастырып өткізеді, бұл 2001 жылмен салыстырғанда 6737 адамға көп.

2001 жылы штаттағы дене шынықтыру және спорт саласы қызметкерлерінің саны 23239 болса, 2002 жылы 24684, 2003 жылы 26624, 2004 жылы 28337, 2005 жылы 29976 адам болды.

Жыл сайын өткізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және бұқаралық спорттық іс-шаралардың саны өсіп келеді, оларға 2,5 миллионнан аса адам қатысады.

Дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Спорт ғимараттарының саны 2001 жылдан бастап 2366-ға көбейіп, саны 28666-ға жетті. Астана, Орал, Қостанай, Шымкент, Павлодар қалаларында спорт сарайлары салынып іске қосылды, Қарағанды, Өскемен, Астана, Атырау қалаларында қазіргі заманғы спорт кешендері пайдалануға берілді. Астана, Қарағанды, Атырау, Қостанай, Павлодар, Талдықорған, Ақтөбе, Оралдағы стадиондар, Алматы қаласындағы "Медеу" спорт кешені қайта күрделі жөндеуден өтті. Алматы қаласының "Шаңырақ" шағынауданында қазіргі заманғы спорт базасы бар спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттың құрылысы жүріп жатыр, Алматы облысында республикалық олимпиадалық даярлау базасы мен Щучье қаласында республикалық шаңғы спорты базасының құрылыс жұмыстары басталды.

Елімізде тұрғылықты жері бойынша 488 жасөспірімдер клубы, дене тәрбиесі даярлығының 73 балалар мен жасөспірімдер клубы, 499 дене шынықтыру-сауықтыру және 87 кәсіби клуб құрылды. Жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына дене тәрбиесінен аптасына үшінші сабақ, ал жоғары және орта арнаулы оқу орындарында аптасына төрт сағаттық сабақ енгізілуде.

Дене тәрбиесінен үшінші сағат республикадағы жалпы білім беретін мектептердің 75,3%-да, ал ұлдар мен қыздарды бөлек оқыту 46,6%-да енгізілген.

Жазғы және қысқы спорт түрлерінен оқушылардың республикалық спартакиадасы, универсиадалар, футболдан, хоккейден, шаңғыдан бұқаралық жарыстар және т.б. ұзақ үзілістен кейін қайтадан өткізіле бастады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны көбейіп, ол 2005 жылдың 1 қаңтарында 389-ға жетті, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 22-ге артық, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданушы балалар саны да өсіп келеді. Оларда шұғылданушылар саны 200529 адамды құрайды, ол 2004 жылмен салыстырғанда 14653 адамға көп. Олардың арасында 1 разрядты спортшылар - 7300 адам, спорт шеберлігіне кандидаттар - 6333 адам, спорт шеберлері - 1705 адам. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі жаттықтырушы-оқытушылар құрамы 7717 адамды құрайды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданушылардың көбірек саны Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады.

Спорттағы дарынды балаларға арналған 3 республикалық және 13 облыстық мектеп-интернат ашылды. Оларда шұғылданушылар саны 3710 адамды құрайды. Олардың арасында 1 разрядты спортшылар - 685 адам, спорт шеберлігіне кандидаттар - 454 адам, спорт шеберлері - 67 адам. Республикалық және өңірлік мектеп-интернаттардағы жаттықтырушы-оқытушылар құрамы 340 адамды құрайды. Шұғылданушылар саны жағынан Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары және Степногор қаласы алда тұр.

3 республикалық олимпиадалық даярлық орталығы және 13 өңірлік олимпиада резервін даярлау орталығы ашылды. Олимпиадалық-даярлық орталықтарында шұғылданушылар саны 765 адамды құрайды, олардың 285-і ауыспалы құрамда, 480-і тұрақты құрамда. 1 разрядты және спорт шеберлігіне кандидат спортшылар саны 275 адамды, спорт шеберлері 173 адамды құрайды. Сабақты 113 жаттықтырушы ұйымдастырып, өткізеді. Шұғылданушылардың көбірек саны Астана, Алматы қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысында б а й қ а л а д ы .

Олимпиада резервін даярлау орталықтарында шұғылданушылар саны 642 адамды құрайды, олардың 262-сі ауыспалы құрамда, 380-і тұрақты құрамда. 1 разрядты және спорт шеберлігіне кандидат спортшылар саны 305 адамды, спорт шеберлері 87 адамды құрайды. Сабақты 120 жаттықтырушы ұйымдастырып, өткізеді. Аталған орталықтарда жаттығу сабақтарына қатысатындар саны Алматы қаласында және Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында көбірек.

Бұл ретте спорттың танымал түрлері күрес, бокс, дзюдо, ауыр және жеңіл атлетика болып табылады.

Медициналық және медицина-биологиялық қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін Спортшылардың допингке қарсы республикалық зертханасы және Алматы қаласында Спорт медицинасы және оңалту орталығы ашылды. Ел өңірлерінде 10 дәрігерлік дене шынықтыру диспансері жұмыс істейді.

Сонымен қатар бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды одан әрі дамыту процесінде, спорт резервін даярлау мен жоғары жетістіктер спортына бірінші кезекте мыналар кедергі болып отыр:

1. Саланың материалдық-техникалық базасы нашар. Республикадағы дене шынықтыру және спорттың материалдық-техникалық базасы бүкіл халықтың, соның ішінде біліктілігі жоғары спортшылардың да талабын қанағаттандырмайды. Бұл ретте ұйымдарда, оқу орындарында, тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда спорт ғимараттарының, мүкәммалдар мен жабдықтардың жетіспеушілігі байқалады. Қазіргі бар спорт және дене шынықтыру-сауықтыру ғимараттары желісі ел халқының 30%-ның ғана сұранысын қанағаттандырады. Көптеген спорт ғимараттары техникалық пайдалану жөніндегі жетілдірілген нормативтер мен талаптарға, халықаралық

регламенттерге және жарыстарды өткізу мен оқу-жаттығу процесінің, қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелеріне сай е м е с .

Елдегі, әсіресе ауылдық жердегі спорт және дене шынықтыру-сауықтыру ғимараттары желісі олардың санының жеткіліксіздігімен, нашар жарақталуымен, сапасының төмендігімен және олардың бірқалыпты орналаспауымен сипатталады. Көптеген спорт ғимараттары коммуналдық немесе жеке меншікте, ал меншік иелері шын мәнінде монополистер бола тұрып, қазіргі заманғы мүкәммалдар мен жабдықтар сатып алуға және оларды тиісінше техникалық жағдайда ұстауға мүдделі емес.

Жоғары жетістіктер спорты да спорт ғимараттарына, сапалы мүкәммалдарға және қазіргі заманғы жабдықтарға деген тапшылықты бастан кешіп отыр.

Республикалық олимпиадалық даярлық орталықтары мен өңірлік олимпиада резервін даярлау орталықтарының дербес материалдық-техникалық базасы жоқ, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар мен жоғары спорт шеберлігі мектептерінің спорт базасы саналы оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру талаптарына сай емес.

Республикада 1 миллионнан аса мектеп жасына дейінгі және 3,5 млн. мектеп жасындағы бала бар. Дене тәрбиесі бойынша сабақтар өткізу үшін жалпы білім беретін мектептерде 5092 спорт залы бар (республикадағы мектептердің жалпы санының 66%-ы) 1156 мектепке дейінгі балалар мекемелерінің 765-інде немесе 66,3%-да спорт залы, 32 жүзу бассейні бар. Осылайша, мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінің материалдық базасы одан әрі дамытуды, жаңалауды және оқушылардың дене тәрбиесі бағдарламасын толық көлемде орындауы үшін қажетті спорт жабдықтарымен жарақтандыруды қажет етеді.

Ел халқының дене тәрбиесі белсенділігінің төменгі деңгейі, спорт ғимараттары санының жеткіліксіздігі, мүкәммалдар мен жабдықтар сапасының төмендігі өмір сүру жасының ұзақтығының деңгейіне әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Елдегі халықтың тұратын өңірлеріне байланысты тек қана 4,5-тен 18 %-ына дейін дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде ш ұ ғ ы л д а н а д ы .

Алматы қаласында 2011 жылы VII қысқы Азия ойындарын өткізуге байланысты Қазақстан спортшыларының оған қатысуы баса назар аударуды т а л а п е т е д і .

Қазіргі уақытта қысқы спорт түрлерінің жай-күйі оларды дамытуға жергілікті атқарушы органдар тарапынан жеткілікті назар аударылмауымен, онымен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдер санының аздығымен, материалдық-техникалық базасының нашарлығымен, сапалы мүкәммалдар мен жабдықтардың тапшылығымен сипатталады. Спорт мектептерінде

шұғылданатын балалардың жалпы санының 6%-ының ғана қысқы спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндігі бар.

Республикада қазіргі заман талабына сай келетін шаңғы базалары, жабдықталған әрі маркаланған жолдар, шаңғы тұғырлары, биатлонға арналған атыс орындары, жасанды сапалы мұзы бар 400 метрлік мұз айдыны, тау шаңғысы жолдары жоқ. Могулды, фристайлды және басқа қысқы спорт түрлерін дамыту үшін жағдайлар жоқ, соның салдарынан ел құрама командаларын дайындау шетелдің спорт базаларында өткізіледі, бұл қымбат және психологиялық тұрғыдан әрдайым өзін-өзі ақтай бермейтін процесс болып табылады.

Елдегі жалғыз ғана "Медеу" стадионындағы жүгіру жолы бар жасанды мұз айдыны құйып-қатыру техникасының болмауынан бүгінгі күн талабына сай келмейді және конькишілер дайындығының сапалы оқу-жаттығу процесін қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ.

Спортшыларды сапалы мүкәммалдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі де өткір қойылып отыр.

2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрлардың жетіспеушілігі мен біліктілігінің төмендігі, сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінің болмауы.

Қазіргі заманғы спорт сан алуан жаңалықтарға толы әрі спортшылармен жұмыс жүргізуде жаңа әдістерді меңгерген мамандар даярлауға баса назар аударуды талап етеді.

Қазақстан спорты қазіргі уақытта білікті мамандарға аса зәру болып отыр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі жаттықтырушы-оқытушылар құрамының 30%-ның арнаулы білімі жоқ, өңірлердің және елдің құрама командаларымен жұмыс істейтін білікті мамандар, спорт ғимараттарына техникалық қызмет көрсететін мамандар жетіспейді. Республиканың жетекші жаттықтырушылары зейнеткерлік жасында немесе зейнеткер жасына жақындаған, келешегі бар жас жаттықтырушылар жалақының аздығына байланысты бұл жұмысқа баруға құлықсыз.

Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі мұғалімдерімен жете жасақталмау 10,9%-ды құрайды.

Оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерінің болмауынан республикада жаттықтырушы-оқытушы кадрларды қайта даярлау жүйесі жолға қойылмаған, ал маманданған жоғары оқу орындарының соңғы жылдардағы түлектері оқу-жаттығу процесін өткізудің практикалық дағдыларын меңгермеген, спортшыларды даярлаудың қазіргі заманғы әдістемелерін білмейді. Республикада спорт ғимараттарына қызмет ететін кадрларды даярлайтын оқу орны немесе факультет жоқ.

3. Ғылыми және медициналық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі. Қазіргі

заманғы спорттың деңгейі спорттағы нәтижелерді арттыруда ғылыми және инженерлік ізденістерге негізделген жаңа көзқарастар маңызды рөл атқаратын даму сатысына көтерілді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдай жасау саласындағы жаңа жетістіктер, арнайы киім-кешек тігу және оларды пайдалану әлемнің ең мықты спортшыларының нәтижелерін күрт жақсартуға алып келді.

Қазақстанда жаттықтырушы-оқытушылар құрамының жаңа әдістемелермен танысатын және озық тәжірибені практикаға енгізетін мүмкіндігі жоқ, өйткені республиканың бұқаралық дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының проблемалары жөнінде жеке ғылыми зерттеулер жоқ.

Әлемнің алдыңғы қатарлы спортшыларының жаттығу процесінде сапалы оқу-жаттығу жұмысы, медициналық және медицина-биологиялық жағынан қамту мәселелері ғана емес, сонымен қатар олардың дұрыс тамақтануы, демалуы, қалпына келуі және психологиялық даярлығы да кешенді шешімін тапқан.

Қазақстанда спорт психологтары жоқ, спортта медицина-биологиялық қызмет нашар дамыған, тұрғындардың түрлі жастағы топтарымен және спорт түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері оқушыларымен дене шынықтыру-сауықтыру және оқу-жаттығу сабақтарын жүргізудің әдістемесі жеткілікті әзірленбейді. Салқын тиюге және түрлі созылмалы ауруларға шалдыққыш балалар мен жасөспірімдердің саны көбеюде. Балалар мен жасөспірімдердің дене қимылы белсенділігінің жеткіліксіздігі дене бітімінің дамуына кері әсер етуде, сымбатының бұзылуы мен үйлесімсіздігіне әкелуде, оқушылардың 54,1%-ның денсаулығында түрлі ауытқушылықтар байқалған, оларды медициналық бақылауға алу нашар.

Елдің алты өңірінде дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлері ашылмаған.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тарапынан халық арасындағы дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының мәселелеріне жеткілікті назар аударылмайды. Соның салдарынан:

жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесінен үшінші сабақ, жоғары оқу орындарында бүкіл оқу кезеңінде төрт сағаттық сабақ жеткілікті түрде тиімді енгізілмей отыр;

жалпы білім беретін мектептерде денсаулығы нашар балалардың 40%-ы ғана дене тәрбиесімен жүйелі шұғылданумен қамтылған;

білім мекемелерінде сабақтан тыс уақытта бұқаралық-спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының ұйымдастырылуы жеткілікті түрде тиімді енгізілмеген, дене тәрбиесі даярлығының балалар мен жасөспірімдер клубы желісі қанат жая алмай отыр.

5. Балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға жеткілікті мән берілмей келеді.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің желісі қазіргі уақытта республикадағы мектеп жасындағы балалардың 6%-ның ғана шұғылдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал жұмыс істеп тұрған спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар мен олимпиада резервін даярлау орталықтары жоғары білікті жаттықтырушы-оқытушыларға аса зәру.

Материалдық-техникалық базаның нашарлығы, сапалы спорт мүкәммалы мен жабдықтың, дербес ғылыми базаның, сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінің болмауы спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеуді жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары кәсіби қолданбалы, дене шынықтыру-сауықтыру және қалпына келтіру іс-шараларын қамтитын, қызметкерлердің еңбек күні режимінде, жұмыстан соң қалпына келу режимінде дене шынықтырумен айналысу құқығын іске асыруына, сондай-ақ бұқаралық спорт жұмыстарын ұйымдастыруға жағдай жасамайды. Ұжымдық шарттарда спорт жабдықтары мен мүкәммалдар сатып алуға қаражат бөлу, дене шынықтыру-спорт жұмыстарын ұйымдастырушылардың штат бірліктерін енгізу қаралмаған.

Халықтың тұрғылықты жері бойынша жұмыс дұрыс жолға қойылмаған, жасөспірімдер клубтарының желісі жеткілікті қанат жаймаған, тұрғылықты жерлерде және көпшілік демалатын орындарда қарапайым спорт алаңдары мен ғимараттар мүлдем жоқ.

Ең алдымен, материалдық-техникалық базаның жоқтығынан және дене шынықтыру мамандарының жеткіліксіздігінен ауыл спортын дамыту проблемасы өте өткір қойылып отыр.

Ауылдық жердегі қазіргі бар 4069 спорт залының 3639-ы жалпы білім беретін мектептерде және негізінен оқу сабақтарын өткізу үшін пайдаланылады, спорт ғимараттарының 10,5%-ы ғана ауыл халқының спортпен шұғылдануына қолжетімді. Елдің алты облысындағы ауылдарда бірде-бір жүзу бассейні, ал республиканың 13 ауданында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жоқ, сол себепті ауылдағы спортпен шұғылданушы балалар мен жасөспірімдердің саны жалпы республикалық көрсеткіштен екі есе төмен. Бүкіл еліміз бойынша ауылдарда бар-жоғы 26 дене шынықтыру және спорт әдіскері жұмыс істейді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі дене шынықтыру мен спорттың дамуына жасалған талдау жұмыстың неғұрлым кең тараған нысаны дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу болып табылатынын көрсетеді.

Сонымен, Беларусьта халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2002-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары қабылданып, іске асырылуда. Украинада 2005

жылы "Дене тәрбиесі - ұлттың денсаулығы" атты бағдарламаның мерзімі аяқталып, Украинада дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы қабылданды. Ресейде "Ресей Федерациясында дене шынықтыру мен спортты 2006-2015 жылдарда дамытудың" федералдық мақсатты бағдарламасын іске асыру жөнінде ж ұ м ы с ж ү р г і з і л у д е .

Бұл елдерде кейіннен мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануы бұдан бұрынғы мемлекеттік бағдарламалардың дене шынықтыру мен спортты дамытуда едәуір рөл атқарғанына қарамастан, орын алған барлық көкейтесті мәселелерді шеше алмауымен байланысты болып отыр. ТМД елдерінде дене шынықтыру мен спортты дамыту жөнінде жаңадан қабылданатын мемлекеттік бағдарламалардың негізгі міндеттері: халықтың денсаулығын бекемдеу, бұқаралық дене шынықтыруды дамыту, дене шынықтыру-спорт ұйымдарының материалдық-техникалық, кадр және қаржы әлеуетін нығайту, балалар мен жасөспірімдер спортын, жоғары жетістіктер спортын дамыту, спорттың барлық түрлерінің дамуын қамтамасыз ету дене шынықтыру мен спорттың дамуын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жасау болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты халықтың денсаулығын бекемдеу және халықаралық спорт аренасында қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін дене тәрбиесі мен спорттың тиімді жүйесін құру б о л ы п т а б ы л а д ы .

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:
халықаралық талаптарға сай келетін спорттың инфрақұрылымын дамыту;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

білікті мамандармен қамтамасыз ету;

спорт ғылымын дамыту;

дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын о р н ы қ т ы р у ;

спорт резервін, халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Бағдарлама мынадай бағыттар бойынша іске асырылады:

саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

саланың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту, саланы

білікті мамандармен қамтамасыз ету саланы ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету;
мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру;
жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы студенттер мен оқушылардың дене тәрбиесі;
әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің дене тәрбиесі даярлығы;
тұрғындар арасындағы дене шынықтыру;
мүгедектер арасындағы дене тәрбиесі даярлығы мен спорт;
спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау;
дене шынықтыру мен спортты насихаттау.

5.1. Саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру

Дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі ретінде саланың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру және дамыту жөніндегі жұмысқа мән беріледі.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді дамыту аталған саладағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу жолымен, сондай-ақ дене шынықтыру мен спорт жөніндегі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құзыретін белгілеу, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіру жолымен жүзеге асырылады.

Нормативтік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру әділеттілік қағидаттарына сүйеніп әрі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес іске асырылады.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы заңнаманы жетілдіру нарықтық жағдайда сала тек қана бюджет көздерінен ғана емес, әсіресе жоғары жетістіктер спортын қолдау үшін, бюджеттен тыс көздерден қаржыландыруға ықпал етуі қажет.

Осымен байланысты:

дене шынықтыру мен спортты, әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дамытуға бағытталған бағдарламаларды және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін бағдарламаларды іске асыратын ұйымдар; елдің спорт резерві мен құрама командаларын жауапты халықаралық жарыстарға қатысуға даярлауға, саланың материалдық-техникалық базасын дамытып-жетілдіруге, сапалы мүкәммалдар мен жабдықтар сатып алуға, спортшылар мен жаттықтырушыларды материалдық қолдауға өз қаражатын

жұмсайтын демеушілер мен инвесторлар;

дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамытуды қамтамасыз ететін инвестициялық саясатты қалыптастыру және жетілдіру; қызметі спорт түрлерін дамытуға және ел спортшыларының спорттағы шеберлігін арттыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктердің ролін арттыру; жетекші спортшылардың спорттағы шеберлігін арттырудың негізгі буыны ретінде спорт түрлері бойынша спорт клубтарының жұмысын ұйымдастыру мен құру үшін қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін қарау қажет.

5.2. Материалдық-техникалық базаны дамыту мен нығайту

Елде материалдық-техникалық базаны дамыту екі бағытта - бұқаралық спорт үшін және жоғары жетістіктер спорты үшін жүзеге асырылуға тиіс.

Халықтың дене жаттығуларымен шұғылдануға деген сұранысын қанағаттандыру мақсатында спорт ғимараттарының санын көбейту, сервистің қажетті деңгейін жасау әрі оған халықтың қалың жігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Елдің құрама командаларына спорт резервін даярлау жөніндегі негізгі жұмысты қамтамасыз ететін балалар мен жасөспірімдер мектебінің және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, олимпиадалық даярлық орталықтары мен олимпиада резервін даярлау орталықтарының жаттықтырушы-оқытушылар құрамының жемісті жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау, оларды сапалы мүкәммалмен және жабдықпен жарақтандыра отырып, спорт ғимараттарын жаңадан салу және қолдағы барын қайта жаңарту қажет.

Әрбір аудан орталығы мен республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда бір үлгідегі дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін, елдің түрлі өңірлерінде халықаралық спорт ұйымдарының талаптарына сай және ел құрама командалары мен өңірлердегі жетекші спортшылардың сұранысын қанағаттандыратын қазіргі заманғы спорт ғимараттарын салуды қамтамасыз ету, Алматы облысында қазіргі заманғы республикалық олимпиадалық даярлау базасының, Щучье қаласында шаңғы базасының, Астана қаласында спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттың құрылысын аяқтау қажет. Қысқы Азия ойындарын өткізу үшін халықаралық спорт ұйымдарының талаптарына сай спорт объектілерін салуды және Алматы қаласының инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету қажет.

Осы міндеттерді шешу үшін:

әрбір аудан орталығы мен республикалық және облыстық бағыныстағы қалаларда бір үлгідегі дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салуды;

қазіргі бар спорт ғимараттарын, жұмыс істеп тұрған спорт алаңдарын қайта жаңғырту мен жаңалауды, спорт залдары мен спорт кешендерін жабдықтауды; спорт түрлері бойынша ел құрама командалары мен өңірлердің құрама командалары, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар және олимпиада резервін даярлау орталықтары үшін халықаралық стандарттарға сай келетін әрі жаңа мүкәммалдармен және жабдықтармен жарақталған қазіргі заманғы спорт базаларын салуды;

2011 жылғы қысқы Азия ойындарын өткізу үшін тиісті құрал-жабдықпен жарақталған спорт базаларын салуды;

Қазақстанның бірқатар өңірлерінде басқа да спорт объектілерін салуды қамтамасыз ету керек.

5.3. Саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету

Халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарымен спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын одан әрі жетілдіру, халықаралық спорт аренасында шетелдік спортшылармен бәсекелесуге қабілетті спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жандандыру мақсатында:

әлемдік спорттың даму үрдісіне және біліктілігі жоғары спортшыларды даярлаудың жаңаша әдістеріне сай келетін бағдарламалар бойынша елдің жоғары оқу орындарында мамандар даярлауды қамтамасыз ету;

спорт саласында орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлауды жетілдіру; жаттықтырушы-оқытушы кадрларды қайта даярлау жүйесін жолға қою; халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеуде тәжірибесі бар және алдыңғы қатарлы технологияларды меңгерген жоғары білікті шетелдік мамандарды республиканың құрама командаларына жұмысқа тарту мәселесін қарау;

отандық спортшы кадрлармен жұмыс істеуге басымдық беретін отандық жаттықтырушыларды материалдық және өзге де ынталандыру жөнінде пәрменді шараларды енгізу туралы мәселені қарау қажет.

5.4. Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету

Спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесін ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету:

жоғары жетістіктер спорты саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді; спортшыларды даярлауда ғылыми-зерттеу ізденістеріне негізделген жаңа

көз қарастарды енгізуді;
спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін оңтайландыруды;
оқу-жаттығу процесін медициналық жағынан қамтамасыз етуді;
спортшыларды психологиялық даярлауды;
спорт медицинасының нормативтік базасын жасауды;
допингке қарсы зертхананы халықаралық ұйымдарда аккредиттеуден өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыруды;
спорттың медицина-биологиялық қызметін нығайтуды және дәрігерлік дене шынықтыру диспансерлерінің желісін кеңейтуді;
спортта жарақаттануды медицина-биологиялық жағынан қамтамасыз етуді, оның алдын алуды және емдеуді көздейді.

5.5. Дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын орнықтыру

5.5.1. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында:
мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі даярлығы жөнінде ұсынымдар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу;
5-сыныптан бастап қыздар мен ұлдарды бөлек оқыта отырып, барлық жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінен аптасына үш сабаққа көшуге мүмкіндігін қарау;
денсаулық жағдайына байланысты арнайы медициналық топтарға жатқызылған балаларға дене тәрбиесі жөнінде жағдай жасау мен сабақтар өткізуге баса назар аудару;
балалар мен жасөспірімдер спорт клубтарын құру арқылы жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабақтарының мазмұнын толықтыратын дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс нысандарын жетілдіру;
жалпы білім беретін мектептерге спорт түрлері бойынша оқыту күні ұзартылған және оқу-жаттығу процесі тереңдетілген мамандандырылған сыныптар ашуды ұсыну қажет.

5.5.2. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы студенттер мен оқушылардың дене тәрбиесі

Елдің оқу орындарындағы студенттер мен оқушылардың дене тәрбиесі процесі мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

дене шынықтыру саласында теориялық білім мен практикалық ілім жүйесін қалыптастыру;

болашақ мамандардың дене тәрбиесі даярлығын, жаттығуын, жұмыс қабілетін, кәсіби мәні бар табиғи қасиеттері мен жүйке-қозғалыс қабілетін қамтитын, кейіннен оларды күнделікті өмірде пайдалану үшін кәсіби даярлығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету;

сырқаттың алдын алу, денсаулықты сақтау мен бекемдеу, дене тәрбиесі процесінде өзін-өзі бақылаудың дағдылары мен машықтарын меңгеру үшін дене шынықтыру құралдарын толық пайдалану;

елімізде студенттер спортын дамыту және спортшы студенттердің дүниежүзілік қысқы және жазғы универсиадаларды қоса алғанда, халықаралық студенттік жарыстарға лайықты қатысуы;

денсаулығына байланысты арнайы медициналық топтарға жатқызылған студенттер мен оқушыларға дене тәрбиесі сабақтарын өткізуге жағдай жасау; студенттердің "Сұңқар" спорт қоғамын құру.

5.5.3. Әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің дене тәрбиесі даярлығы

Әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің дене тәрбиесі даярлығы Қазақстан Республикасының әскери құралымдарының, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдарының жеке құрамын әскери оқыту мен тәрбиелеудің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады, сол ұйымдар құрамының дене тәрбиесі даярлығын арттыруға, денеге түсетін ауыр жүктемелер мен психологиялық ширығуды бастан кешіру қабілетін дамытуға, бос уақытты мазмұнды ұйымдастыруға бағытталады.

Дене тәрбиесі даярлығының мақсаты - әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерін олардың кәсіби қызметінің талаптарына сай арнайы міндеттерді орындауға даярлауды қамтамасыз ету.

Әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің дене тәрбиесі даярлығының негізгі міндеттері:

төзімділік, күштілік, жылдамдық пен ептілік сияқты табиғи қасиеттерді талап ететін деңгейде дамыту және ұстап тұру;

арнайы табиғи қасиеттер мен машықтарды қалыптастыру; тірек-қозғалыс аппаратын нығайту;

сырқаттың және жаман әдеттердің алдын алу, ағзаны шынықтыру; психологиялық ұстамдылыққа, өзіне деген сенімділікке, мақсат қоюға,

батылдық пен табандылыққа, бастамашылдық пен тапқырлыққа, қайсарлыққа, төзімділікке және өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу;

даярлық кезеңінде және алға қойған міндеттерді тікелей орындау кезінде шектен тыс физикалық және психологиялық жүктемені бастан кешіруге дайын бо л у д ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен қуатты құрылымдар қызметкерлерінің арасында спорттың әскери-қолданбалы түрлерін дамыту болып т а б ы л а д ы .

Тиісті министрліктер мен ведомстволар осы міндеттерді шешу үшін дене бітімін жетілдіруге және салауатты өмір салтын енгізуге, дене тәрбиесі даярлығының кәсіби-қолданбалы машықтарын игеруге және дамытуға, жалпы және арнайы дене тәрбиесі даярлығы бойынша бақылау нормативтерін орындауға бағытталған жеке құрамның дене тәрбиесі жөніндегі ведомстволық бағдарламаларын әзірлеп, бекітеді, сол ведомстволардың спортшыларын әскери қызметшілер, полиция және қуатты құрылымдар арасындағы әлем чемпионаттарына даярлауды және олардың қатысуын қамтамасыз етеді.

5.5.4. Тұрғындар арасындағы дене тәрбиесі

Дене шынықтыру және спорт - ел азаматтарының денсаулығын нығайтудың, жастарды рухани тәрбиелеудің және дене тәрбиесінің, салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі. Сол себепті мемлекеттің осы саладағы бірінші кезектегі міндеті - ел халқының қалың жігінің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына қол жеткізу.

Тұрғындар арасында дене шынықтыруды дамыту ынталы тиісті құрылымды қалыптастыру жолымен жүзеге асырылуға тиіс. Ересек адам дене шынықтыру-спорт қозғалысына өз еркімен қатысады. Өз күшімен құрылған дене шынықтыру-спорт қозғалысы ынталандырудың тұтас жүйесі арқылы өркендеуге т и і с .

Дене шынықтыру-сауықтыру, спорт клубтары елдегі дене шынықтыру мен спорт қозғалысының негізі болуға тиіс. Дене шынықтыру-спорт клубтарымен қатар барынша ыңғайлы жағдай, қызметтің көптеген түрлерін ұсынатын спорт орталықтары да қатар дами алады.

Өңірлердегі бұқаралық-спорт және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы тұрғындардың барлық жастағы топтары (еңбек ұжымдарында, халықтың тұрғылықты жері мен демалыс орындарында, білім беру мекемелерінде) үшін бұқаралық спорт түрлерінен қолжетімді жарыстардың санын көбейтуге бағытталуға тиіс. Мұндай іс-шаралардың басты міндеті - адамдардың күнделікті дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына деген талпынысын ынталандыру,

оларды жарыс қызметіне тарту.

Ұлттық спорт түрлерін, өзіндік дене жаттығулары мен халық ойындарын дамыту мәселесіне ерекше назар аудару және оларды халықтың дене шынықтырумен және спортпен белсенді түрде шұғылдануға тарту пайдалану қажет.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардағы қызметкерлердің жұмыс күні және жұмыстан кейін қалпына келу режимінде дене шынықтыру-сауықтыру және спортпен шұғылдану құқықтары іске асырылуға тиіс. Мемлекеттік органдардың, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың азаматтарды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға тарту, еңбекті ұйымдастыру және жұмыстан кейін оңалтуды демалыс шаралары кешеніне енгізу үшін бірлескен күш-жігері қажет.

5.5.5. Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру және спорт

Мүгедектерді дене шынықтыру-спорттық іс-қимылға тартуға байыпты назар аудару қажет. Бұл үшін спорт клубтары мен залдарында олардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына тиісті жағдай жасауды, мүгедек спортшыларды халықаралық жарыстарға, соның ішінде Паралимпиадалық ойындарға даярлауды қамтамасыз ету қажет.

5.6. Спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау

Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту, спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу - халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгермелі талаптарын, спортшыларды даярлаудың түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіруді, жаңадан келгендерден бастап халықаралық дәрежедегі шеберге дейін республика спортшыларын тәрбиелеу жүйесін одан әрі дамытуды ескере отырып, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға деген деген жаңа көзқарастарды талап етеді.

Спортқа даярлықты ұйымдастыруда оның қазіргі заманғы әдістемесінің мүмкіндіктерін іске асырудың бірқатар ережелері мен алғышарттарын:

спортқа даярлық жүйесінің жоғары тұрған (құрама командалар, олимпиадалық даярлық орталықтары, жоғары спорт шеберлігі мектептері) және төмен тұрған (спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, олимпиада резервін даярлау мектептері, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері және олимпиада резерві мектептері) құрылымдық бөліктерінде олардың мақсаттары, міндеттері, кадрмен, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудегі ұйымдық-әдістемелік негіздердің

бір-бірімен ұштасқан өзара байланысын;

спортшыларды орталықтан даярлауды, олардың жаттығу сабақтарындағы тұрақты бәсекелестігін және оны жұмыс қабілетін арттырудың факторының бірі ретінде пайдалануды, ағзаның іс-қимыл резервін толығымен жұмылдыру мен бейімделу процестерін оңтайландыруды қамтамасыз ететін ұйымдастыру жағдайларын жасауды атап көрсету қажет.

О л ү ш і н :

елдің барлық өңірлеріндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде және олимпиада резерві мектептерінде мектеп жасындағы балалардың 8 %-ына дейін сабаққа қамту мақсатымен олардың желісін кеңейту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар мен елдің барлық өңірлерінде олимпиада резервін даярлаудың толыққанды өңірлік орталықтарын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

олимпиадалық даярлық, соның ішінде мамандандырылған орталықтарды дамыту;

спорттық күнтізбеде жоспарланған республикалық іс-шараларды өткізуді және елдің құрама командалары мен үздік спортшыларының әлем, Азия чемпионаттарын, Олимпиада және Азия ойындарын қоса алғанда, халықаралық жарыстарға, басқа да ресми және халықаралық іріктеу спорттық іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ету;

спортшыларды - әлем чемпиондары және халықаралық жарыстар мен чемпионаттардың жүлдегерлерін және олардың жаттықтырушыларын ынталандыру жүйесін жетілдіру;

Алматы қаласындағы "Шаңырақ" шағынауданында "Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесін құру.

Қазақстанның дүние жүзінің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру стратегиясына қол жеткізуі республика спортшыларынан халықаралық аренада жоғары нәтижелерге жетуді талап етеді.

Спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеудегі проблемаларды табысты шешу үшін түпкілікті нәтижеге - әлем, Азия чемпионаттарында, Азия және Олимпиада ойындарында жүлделі орындарды иеленуге қабілетті спортшыларды тәрбиелеуге едәуір ықпал ететін факторларды қатаң ескеру қажет:

таңдаған спорт түріне мамандану үшін оның арнайы талаптарына жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүйесінің қатаң түрде сай болуы;

спорт мамандығын таңдау, көпжылғы даярлықтың күллі жүйесін әзірлеу, жарыс қызметінің тиімді құрылымын анықтау кезінде нақты әрбір спортшының

жеке бейімділігі мен қабілеттеріне барынша ден қою;
жаттығу және жарыс жүктемесінің, демалудың, тамақтанудың, жұмыс қабілетін қалпына келтіру, ынталандыру құралдарының және іс-қимыл мүмкіндіктерін жұмылдырудың қатаң теңгермелі жүйесіне ұмтылу;

даярлықтың дәстүрден тыс құралдарын кеңейту - спортшы ағзасының іс-қимыл мүмкіндіктерін толық ашуға мүмкіндік беретін аспаптарды, жабдықтарды және әдістемелік тәсілдерді пайдалану;

спортшылардың жаттығу әсерлерінің факторларына бейімделу процестерін жеделдетуге, олардың басты жарыстарға тікелей даярлығының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін орташа биіктіктегі және биік таудағы жағдайларда спортшыларды даярлаудың тиімді әдістемесін жетілдіру;

бүкіл спорттық жаттығу жүйесін жарыс қызметінің оңтайлы құрылымына қол жеткізуге бағдарлау;

даярлық жүйесінің қарқындылығы, оған олимпиадалық спортты дамытудың жалпы үрдістері ретінде, сонымен бірге нақты спорт түрлерінің даму ерекшеліктері ретінде де тұрақты зерделеу мен есептеу негізінде жедел түзетулер жасау - жарыс ережелерін және оларды өткізу шарттарын өзгерту, жаңа мүкәммалдар мен жабдықтарды қолдану;

халықаралық спорт федерациялары тарататын әдістемелер мен ақпараттық материалдарды қолдана отырып, елдің құрама командаларында оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруда республикалық қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру.

5.7. Дене шынықтыру және спортты насихаттау

Тұрғындарды салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға баулу халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарына арнап бейімделген ақпараттық бағдарламаларды әзірлеу арқылы жүзеге асуға тиіс. Спорттың негізгі түрлерінен, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына конкурстық негізде берілетін әлеуметтік бағдарламалар бойынша гранттарды беру практикасын пайдалану арқылы, теледидар бағдарламаларын жасау, насихаттық және ақпараттық технологиялар әзірлеу керек. Дене шынықтыру және спортты насихаттау атаулы, нақты әлеуметтік топтар мен жіктерге, әрбір адамға бағытталған, дене шынықтыру мен спорттың басымдығын дәлелдей көрсетуге, сондай-ақ жастар арасында нашакорлық, темекі шегушілік, ішімдікті пайдалану және басқа да жат құбылыстардың таралуына қарсы күреске бағытталуға тиіс. Жастардың дене тәрбиесі жөнінде жұмыс жүргізу, олардың ортасында қазақстандық спортшылардың спорттағы жетістіктерін, бұқаралық спортты танымал ету, олардың санасында "тәні саудың - жаны сау" деген

қағидатты

орнықтыру

қажет.

Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының міндеттері: азаматтардың спортқа, табиғи дене бітімін жетілдіруге деген қызығушылығын арттыру, спортпен өз бетінше шұғылдануды белсенді түрде таныту, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану қажеттігін көпшіліктің санасына сіңіру болып табылады.

Дене шынықтыру мен спортты насихаттау адамның жан-жақты спорттық және дене тәрбиесі даярлығының беделін, гигиена және дене шынықтыру саласындағы білім деңгейін арттыруға ықпал етуге, ғылыми зерттеулер мен жаңалықтар ашуға негізделуге тиіс.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудағы басты бағыттардың бірі - олардың ізгілікті жағын күшейту. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, қабылданған жалпы этикалық нормалар мен талаптарға сай келмейтін, зорлық пен зомбылықты үйрететін спорт түрлері мен дене жаттығуларын дамытуға қолдау көрсетілмеуге тиіс.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Мемлекеттік бюджеттен Бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын жалпы шығын 160844185 мың теңгені, соның ішінде республикалық бюджет қаражатынан 85120172 мың теңгені, жергілікті бюджет қаражатынан 75724013 мың теңгені құрайды.

	2007	2008	2009	2010	2011
Республикалық бюджет	8531594	32294965	26783613	8500000	9010000
Жергілікті бюджет	13201664	14252326	15162088	16071813	17036122

Бағдарламаны іске асыруға қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

бірінші кезең (2007-2009 жылдар):

сала мамандарының біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесі жетілдірілетін болады;

дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданушы халықтың үлесі

16,3% - ға дейін өседі;

халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының дене тәрбиесінің сабақтастығы қамтамасыз етіледі;

балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 2007 жылы 400-ге, 2008 жылы 410-ға, 2009 жылы 420-ға көбейіп, оларда шұғылданушыларды қамту 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің жалпы санының 8,5%-на жетеді;

спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар құрылады және олардың саны 2007 жылы - 15-ке, 2008 жылы - 16-ға, 2009 жылы - 17-ге жетеді;

екінші кезең (2010-2011 жылдар):

жаттықтырушы-оқытушылар құрамының біліктілігі арттырылады; дене шынықтырудың және жоғары жетістіктер спортының ғылыми базасы жетілдірілетін болады;

дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданушы халықтың саны 17% - ға дейін өседі;

балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 2010 жылы - 425-ке, 2011 жылы 430-ға көбейіп, оларда шұғылданушыларды қамту 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің жалпы санының 10%-ын құрайды;

спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың саны 2010 жылы 19-ға, 2011 жылы олардың саны 20-ға жетеді;

республиканың ұлттық құрама командаларына мүшелікке үміткерлердің даярлық деңгейі мен халықаралық дәрежедегі спортшылардың саны артады;

әлем, Азия чемпионаттарын, әлем, Азия кубоктарын, Азия және Олимпиада ойындарын қоса алғанда, спортшылардың ірі халықаралық жарыстарға даярлығы мен қатысуы қамтамасыз етіледі;

саланың нормативтік құқықтық базасы жетілдірілетін болады.